

«ASTANA JOBALARY» CENTER FOR ORGANIZATION OF
INTERNATIONAL AND REPUBLIC PROJECTS OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN




VISION
INTERNATIONAL SCIENTIFIC-METHODICAL, PEDAGOGICAL JOURNAL

№ 2 (001) 06/2020

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

PREMIYUM PÁNDER PREMIUM SUBJECTS

INTERNATIONAL SCIENTIFIC-METHODICAL, PEDAGOGICAL JOURNAL



PHYSICS



CHEMISTRY



BIOLOGY



ASTRONOMY



LOGIC



THEOLOGY




PSYCHOLOGY



GEOGRAPHY



ARCHAEOLOGY



QUANTUM MECHANICS



LINGUISTICS



BOTANY



GEOLOGY



MATHEMATICS



NUR-SULTAN



Баймбетова Бибигул Алибековна

Қарағанды облысы Теміртау қаласы
«Қарағанды облыстық кәсіптік білім беру орталығы» КММ
Тәрбиеші

«Абай қазақ – халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан гүлама ғана емес, сонымен қатар, ол қазақ халқының ел болуына ұлан - гайыр еңбек еткен даназер. Абай - әлемдік ойшылдардың қатарындағы гажайып тұлға... Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс.»

Н.Назарбаев

Ұлы Абай жолымен

Қазақтың біртуар ақыны Абай – қазақ халқының рухани өміріндегі қайталанбас ерекше құбылыс. Абайдың әрбір сөзі ақыл мен даналыққа толы. Мен Абай атамызды елі үшін еңіреген ұлы ақын деп білемін. Абай атамыз кырық екінші қара сөзінде « қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы, егер егін салса... я саудаға салынса, қолы тиер ме еді ? » деп қапаланып айтқан. Абай атамыздың білімі, ой өрісінің жоғарылығы, екі тілде сөйлеп, жаза алуы дана атқамінерлеріне қарағанда өзгешелік болатын. Маңайынан дос таба алмай сенделген, әділет, мейірім, рахым көре алмай күйінген ақын:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс – жақын қазақтың бәрін көрдім
Жалғыз жарым болмаса анда- санда
Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда
Мұнан менің қай жерім аяулы деп
Бірге тұрып қалады кім майданда?! – деп күңіренеді.

Кез – келген адам Абай атамыздың өлеңі мен нақыл сөздерін оқығанда «шіркін, мен де сондай болсам ғой! »- деп армандайтыны шындық. Абай атамыз ел ішіндегі күңшілдік, өтірік, өсек, жалқаулық сияқты ұнамсыз жайларды сынайды.

Қызмет қылып мал таппай
Ғылым оқып, ой таппай
Құр үйінде жатады
Ел қыдырып, ас ішіп
Еркек арын сатады

Нағыз елді бұзар тентектер осындайлардан шықпақ. Абай атамыздың өлеңдері мен қара сөздерін оқыған баланың көкірегі оянып, көзі ашылары анық. Мысалы төмендегі өлең шумақтарының өзінен – ақ көп нәрсенің мәнін аңғаруға болады.

Бес нәрседен қашық бол
Бес нәрсеге асық бол
Адам болам десеңіз

Бұл өлеңде келешек ұрпақты жақсы оқуға ғылым – білімді игеруге, уақытты бекерге өткізіп алмауға шақырады. Өсек, өтірік айту, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашуды бекер



дұшпанға теңеген. Егер өмірінді, болашағыңды ойлап, адам болам десең, жат қылықтардан қашық бол, аулақ жүр дейді. Талаптылық, еңбеккерлік, терең ойлану, неге болса да қанағаттану және рақымшылық сияқты қасиеттерді бес асыл іске теңеп, оған жету үшін асығуға үндейді.

Қалың елім қазағым қалың жұртым

Ұстарасыз аузыңа түсті – ау мұртын

Жаксы менен жаманды айырмадың

Бірі қан, бірі май боп сіді екі ұртың – деп қазақтың оқымағандығына, білсем, үйренсем деп талпынбайтындығына жаны ашиды. Өлеңге мұңын шағады. Ең болмаса, біреуінің көкірегіне нұр шашып, санасына сәуле құйсам деп армандайды.

Қазір Абай атамның сөзін қоспай, ешкім сөйлемейді. Бұл Абай атамның мәңгілік өлмейтіндігінің дәлелі.

Сол сияқты келесі ұрпаққа айтарым Абай атамның әрбір асыл сөздерін есте сақтап, айтылған нақылдарын өмір атты ұзын жолдарыңның шырағы деп түсінсеңдер.

